

Тіл мен мәдени болмыстың жоғалуы, өз тамырынан ұялу.

Каусар -16 жаста, қалада өскен, қазақ тілін ұмытқандай болған қыз

Әлия - досы, қазақ тілін таза сөйлейді, ұлттық болмысқа берік

Ішкі дауыс - Каусар ішкі ойы (дауыс түрінде)

Мұғалім -әдебиет сабағынан

Қыздар, достар -фон ретінде

КӨРІНІС 1 МЕКТЕП

(Каусар мен Әлия кетіп барады)

Әлия :

– Ертең әдебиеттен баяндама ғой. «Тіл – ұлттың жаны» дейді. Қандай тақырып таңдайсың?

-Каусар (иығын қиқаң еткізіп):

– Ммм... всё равно. Маған актуальный емес ол. Біз бәрібір орысша, ағылшынша өмір сүреміз

Әлия:

– Сонда қазақ тілін керек емес деп ойлайсың ба?

-Каусар:

– Просто... кейде өзім сөйлесем ұялып кетем. Біртүрлі. Достарым түсінбейді де...

(Әлия үндемейді, алыстап кетеді. Каусар жалғыз қалады. Ішкі дауыс қосылады)

КӨРІНІС 2 – ІШКІ ДҮНИЕ (ФОН ҚАРАҢҒЫ. ТЕК Каусар ЖӘНЕ ДАУЫС)

Ішкі дауыс:

Сен кімнен ұяласың? Өз тіліңнен бе, әлде өзіңнен бе?

Әжеңнің айтқан ертегілерін қай тілде тыңдадың?

Сенің аты-жөнің қай тілде жазылған?

Каусар (сыбырлап):

Бірақ мен қазір басқа әлемде жүрмін... қазақша сөйлесем, "ауылдан келген" дейді...

Ішкі дауыс (қаттырақ):

– Ал егер ертең сен балаңа қазақша үйретпесең, сенің ұятың одан да ауыр болмай ма?

(Каусар ойланып, басын төмен түсіреді)

КӨРІНІС 3 – САБАҚТА (ӘДЕБИЕТ САБАҒЫ)

Мұғалім:

Сәлеметсіңдер ме,балалар! Бүгін біз өте маңызды тақырыпты талдаймыз.Біздің тіліміз, салт-дәстүріміз.Сендерге бір сұрақ қойғым келіп тұр.

Балалар, кім тіл туралы өз ойын айтады?

(Каусар орнынан тұрып, сәл тұтығып бастайды)

Каусар:

Мен бұрын... қазақша сөйлеуге ұялатынмын. Достар күледі деп. Бірақ енді түсіндім... Егер мен өз тілімнен ұялсам, мен өзімнен ұялам. Өйткені мен сол тілде жылап, сол тілде алғаш рет "анам" деп айттым

(Сынып үнсіз. Бір қыз жымыып тыңдайды. Әлия басын изеп күлімдейді)

Мұғалім: Керемет, Каусар! Қазақ тілі біздің жанымыз.Тіл жоғалса ұлт та жойылады.Біздің ата-бабаларымыз бұл тілді бізге аманат етіп қалдырды.Оны сақтап қалу-біздің міндетіміз.Кейде мен жастардың өз тілінен, өз мәдениетінен ұялатынын көремін.Бұл дұрыс емес,балалар.Біздің тарихымызда ұялатын ештеңе жоқ.Керісінше,мақтанатын көп нәрсе бар.

Зарифа: Апай,мен толықтырайыншы (оқушы қыз қолын көтеріп сұранады)

Мұғалім: Ия,айта ғой.

Оқушы қыз,Зарифа : Мен өз ойымды Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым» атты өлеңімен жалғастырғым келеді.(өлеңді оқиды)

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Мұғалім: жарайсың,Зарифа

ҚОРЫТЫНДЫ (КӨРІНІС)

(Каусар мектеп дәлізінде жүр. Телефонынан ТікТокқа видео жазып тұр)

Каусар (видеода):

Қазақша сөйлеген ұят емес. Ұят — өзіңді жоғалту. Мен өзімнен енді
ұялмаймын,мен өз тамырымнан ұялмаймын.